## Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броннан шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 23 қаңтардағы № 26 Қаулысы

Оңтүстік Қазақстан облысындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броннан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдау және межелі пунктіне дейін жеткізу үшін жылжымалы құрамның уақтылы берілуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы, Көлік және коммуникация министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 23 қаңтардағы
№ 26 қаулысына
қосымша

## Мемлекеттік материалдық резервтен шығарылатын материалдық құндылықтардың тізбесі

| Р / с № | Материалдық құндылықтардың атауы | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Кесілген тақтай | $м^3$ | 3000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК